

«АТЫРАУ МҮНАЙ ӨНДЕУ ЗАУІТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

НОВАТОР

29 тамыз
2019 жыл
БЕЙСЕНБІ

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.ANPZ.KZ

№ 23 (4431)



3
В КАЧЕСТВЕ ЭКСПЕРТОВ – ВЕТЕРАНЫ



4
ОТДЫХ В ЗАПОВЕДНОМ ПАРКЕ



ҚҰРМЕТТІ ЗАУЫТТЫҚТАР, ҚАДІРМЕНДІ АРДАГЕРЛЕР!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Осыдан 24 жыл бұрын жалпыұлттық референдумда қабылданған еліміздің Ата заңы, сапалы жаңа Қазақстанның кепіліне айналды. Тәуелсіздік жылдарында тиімді құқықтық жүйенің арқасында біздің мемлекет Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен экономикалық өсуге, қоғамдық әл-ауқатқа, тұрақтылыққа, бейбітшілік пен келісімге қол жеткізді. Бүгінгі күні біз Қазақстанның 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді Даму Стратегиясында белгіленген мақсаттарға қол жеткізу жолында еңбек етіп келеміз, соның ішінде әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру басты міндетіміз болып табылады.

Осы басты мақсатқа тек қана бірлік пен өзара түсіністіктің арқасында қол жеткізе аламыз. Сонымен қатар Конституция нормаларын нақты сақтай отырып және біздің ағымдағы жобаларымызды табысты іске асыра отырып, ортақ іске өз үлесімізді қосамыз.

Сіздерге және Сіздердің отбасыларыңызға бейбітшілік пен өркендеу, игілік пен табыс тілеймін!

«АМӨЗ» ЖШС Бас директоры

Шухрат Данбай

УВАЖАЕМЫЕ ЗАВОДЧАНЕ, ДОРОГИЕ ВЕТЕРАНЫ!

Поздравляю вас с Днем работников нефтегазового комплекса!

Свой профессиональный праздник атырауские нефтепереработчики встречают целым рядом важных реализованных задач: мы продолжаем выполнять производственную программу по нефтепереработке. За рекордные 20 дней ремонта, благодаря методике RLG International, были обновлены пять установок, построенных до модернизации. Такого большого по масштабам объема работ некоторые из установок не видели никогда. Мы применили новейшие технологии, позволившие провести ремонтные работы максимально безопасно для окружающей среды.

Наряду с этим мы с вами проводим значительную работу по модернизации заводской инфраструктуры. И это лишь начало больших побед!

Уважаемые коллеги! Наши новые цели требуют участия в их достижении от каждого из вас. Знаменитый философ Фридрих Энгельс говорил: «Где нет общности интересов, там не может быть единства целей, не говоря уже о единстве действий». Наш завод – это наш главный оплот, который всех нас объединяет в целый организм, в котором у каждого из вас своя конкретная функция. Но без слаженной работы этот организм не сможет работать! Давайте же с этого дня объединим наши интересы вокруг Атырауского НПЗ, чтобы вместе, слаженно, руководствуясь принципом «Безопасность! Качество! Стабильность!», как и во все времена, держать курс на обновление, стабильное развитие и успех.

Желаю вам и вашим семьям мира и процветания, благополучия и крепкого здоровья!

Генеральный директор ТОО «АНПЗ»

Шухрат Данбай

QAҒЫPSIZDIK

SAPA

TURAQTYLYQ



БЕЗОПАСНОСТЬ

КАЧЕСТВО

СТАБИЛЬНОСТЬ

МАРАПАТТАУ

ҮЗДІКТЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Ағымдағы жылдың 20 тамыз күні Атырау мұнай өңдеу зауытының Бас директоры Шухрат Данбай күнделікті жиынын жақсы жаңалықпен бастады. Онда «Үздік маман-2019» сайысының қортындысы бойынша жүлделі орындарға ие болған қызметкерлерді құттықтады.



«Біздің қызметкерлеріміз тек қана Атырау мұнай өңдеу зауытының шеңберінде ғана емес, сонымен қатар Мәскеу мұнай өңдеу зауытында да жақсы нәтиже көрсетіп отыр. Сол се-

бепті жеңімпаздарды лайықты түрде марапаттауды жөн көрдік», - деді Бас директор құттықтау барысында.

Үздіктер 4 номинация бойынша 3 жылға дейінгі және 3 жылдан аса жұмыс өтілі бойынша ұлықталды. 1,2,3 орынды иеленген мамандар арнайы дипломмен марапатталды. Және де жыл бойына белгілі бір мөлшерде жалақыларына қосымша ақы төленетін болады.

Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылдың 3 маусымында «Үздік маман-2019» сайысы басталып, практикалық тапсырмаларды орындау арқылы өз білімдерін дәлелдей білген 41 қатысушы іріктеліп шығарылған болатын. Байқаудың екінші кезеңінде зауыт қызметкерлері Татарстан Республикасына барып бақ сынасатын болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

БАС ДИРЕКТОРМЕН ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС

ҚҰРМЕТТІ ЗАУЫТТЫҚТАР!

Атырау мұнай өңдеу зауытының Бас директорына қойылатын сұрақтарыңыз, ұсыныс-тілектеріңіз болса, немесе келеңсіз жағдайға тап болсаңыз, зауыт Бас директоры Шухрат Данбайдың Online-қабылдау жүйесі жұмыс жасайтындығын естеріңізге саламыз.

Ол үшін www.anpz.kz сайтына кіріп, блог батырмасын таңдайсыз. Кейін жазбаша өтініштер батырмасын басып арнайы өтініш формасын толтырсаңыз жеткілікті. Сонымен қатар хаттарды Зейнолла Қабдолов 1 мекенжайы арқылы жолдауыңызға болады. Индекс нөмірі 060001.

www.anpz.kz

→ Блог

→

Жазбаша өтініштер

Форманы толтыру

Сонымен қатар хаттарды Зейнолла Қабдолов 1 мекенжайы арқылы жолдауыңызға болады. Индекс нөмірі 060001.

Барлық хаттар мен өтініштер Бас директордың бақылауында болады, және де онлайн қабылдау бойынша апта сайын мониторинг жүргізіледі.

ВНИМАНИЕ!

ПРЯМАЯ СВЯЗЬ С ГЕНЕРАЛЬНЫМ ДИРЕКТОРОМ

УВАЖАЕМЫЕ РАБОТНИКИ ЗАВОДА!

Напоминаем вам, что работает он-лайн приемная генерального директора Шухрата Данбай.

Если вы хотите задать вопрос первому руководителю завода или же написать письмо, для этого нужно зайти на сайт завода по адресу www.anpz.kz - в разделе «блог» найти подраздел «письменные обращения», заполнить форму обращения и отправить.

www.anpz.kz

→ Блог

→

Письменные обращения

Заполнить форму

Кроме этого, письменные обращения можно направлять по адресу: почтовый индекс 060001, улица 3. Кабдолова, 1.

Все письма и обращения будут находиться на контроле у генерального директора, будет проводиться еженедельный мониторинг он-лайн приемной.



P.S: Мәскеу мұнай өңдеу зауытында өткен сайыста 161 адам қатысқан. Конкурс 5 этап бойынша өтіп, 7 номинация бойынша жеңімпаздар анықталған. Онда жоғары балл - 47,7, төмен балл - 36,6 болса, ал зауыт қызметкерлері 40,9 балл жинау арқылы өздерінің білім деңгейлерінің осал еместігін дәлелдей білген.

Арайлым ҚАБДЕШОВА

Суретке түсірген Данияр МҰХАМБЕТОВ

Суреттегі МТӨК операторы Иманғали ЗИНУЛЛАЕВ

СПАРТАКИАДА

ЗАУЫТ ҚАНЖЫҒАСЫНДА 4 АЛТЫН

19 тамызда Шымкентте қазақ мұнайының 120-жылдығы аясында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының дәстүрлі спартакиадасы болып өтті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, іріктеу кезеңінде «ҚазМұнайГаздың» 52 еншілес компаниясының 3 мыңнан аса қызметкері сайысқа түсті. Ақтық сынға ұлттық компанияны қоса алғанда 29 ұйымның 350 өкілі жолдама алыпты.

Сайыс қортындысы бойынша Атырау мұнай өңдеу зауыты 4 алтынды қанжығаларына байлады.

Жыл сайын өткізілетін сайыста Атырау мұнай өңдеу зауытының өндірістік-техникалық бөлімінің жетекші инженері Азамат Жолымбетов жүзу спортынан үшінші мәрте чемпион атанса, тоғыз құмалақ ойынында Экономикалық жоспарлау және бюджет бөлімінің экономисі Анар Құмарова бірінші орынды жеңіп алды. Сонымен қоса ерлер арасындағы баскетбол ойыны мен қыздар арасындағы волейбол ойындары кезінде де Атырау мұнай өңдеу зауытының командалары алтын медальға ие болды. Қатысушыларымызды жеңістерімен құттықтаймыз.

Толығырақ келесі нөмірде.

Арайлым ҚАБДЕШОВА



БАҚЫЛАУ

ЗАУЫТТЫҚТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІКТЕРІ СЫНҒА ТҮСТІ

Ағымдағы жылдың 15 шілдесінде «қызметкерлердің кәсіби білім деңгейін бақылау» үдерісі» енгізілген болатын. Қазіргі таңда тестілеудің бірінші кезеңі аяқталды. Қортындысы суретте көрсетілгендей (инфографика).

ТЕСТІЛЕУДІҢ І КЕЗЕҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



ВСТРЕЧА

В КАЧЕСТВЕ ЭКСПЕРТОВ – ВЕТЕРАНЫ

Преимственность поколений и передача ценного опыта нынешним нефтепереработчикам. Эта тема стала главной на встрече генерального директора завода Шухрата Данбай с ветеранами завода Юрием Шкодиным, Манарбеком Бекбергенем, Владимиром Вакуровым, Надеждой Силиной и Юрием Кустадинчевым.



Первый руководитель предприятия рассказал о деятельности завода, в частности, о недавно проведенном текущем ремонте, кадровых изменениях, подготовке к празднованию 75-летия АНПЗ. Шухрат Данбай подчеркнул труд атырауских нефтепереработчиков всех поколений, внесших вклад в развитие завода, и особо отметил заслугу тех, кто находился на ответственных и сложных постах - руководил цехами, технологическими установками, стоял во главе значимых проектов.

Генеральный директор сообщил, что по поручению руководства АО «НК «КазМунайГаз» на заводе создается консультативный совет с участием ветеранов труда. Заслуженные нефтепереработчики станут экспертами по некоторым вопросам, касающимся

производственной деятельности. Заседания консультативного совета будут проводиться как минимум один раз в месяц. Ветераны завода с одобрением восприняли эту новость. На встрече прозвучал и ряд предложений. В частности, первый заместитель генерального директора по производству Еркин Сулейменов предложил старшему поколению в преддверии юбилея завода делиться воспоминаниями, чтобы молодежь знала историю предприятия, Юрий Шкодин предложил создать на заводе Аллею ветеранов, а Юрий Кустадинчев - перенести Доску Почета на более видное место, чтобы заводчане знали в лицо всех передовиков производства.

Индира САТЫЛГАНОВА
Фото Данияра МУХАМБЕТОВА

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЖАСТАРДЫ ЖАТ ДІННЕН ҚАЛАЙ САҚТАЙМЫЗ?

Қазіргі таңда дінді жамылып, халықты адастыратын жалған ұйымдардың қарасы көбейіп кетті. Осындай теріс пиғылды топтардың амал-айласына қарсы тұру үшін, жастарымыз адаспау үшін салтымызбен сабақтасқан дәстүрлі дінімізді кеңінен насихаттау бүгінгі күннің басты мәселесі. Осы мақсатта Атырау мұнай өңдеу зауытында «Шапағат» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы қоғамдық қорының мамандарымен «Діни теріс ағымдардың залалдары мен зияндары» тақырыбында арнайы жиын өтті.

Жиынды Атырау мұнай өңдеу зауытының мемлекеттік органдармен жұмыс бойынша Бас директордың кеңесшісі Серік Арыстан ашып, шараның маңыздылығын атап көрсетті.

Кездесуге қоғам қайраткері Серік Мұхамбетов және «Шапағат» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығының теолог мамандары Ернар Абзалов, Айнұр Тергеусізова қатысты. Олар теріс ағымдардың шығу тарихы және олардың қоғамға тигізіп жатқан зияндары мен қауіптілігі туралы мәліметтер бере отырып, зауыттың жас мамандарын барынша сақ болуға шақырды.

Сондай-ақ, дәстүрлі, ұлттық діни тәрбиенің құндылықтарын насихаттап, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениетінің өзегін



халықтық дәстүрлер мен тұрмыстық салт-рәсімдер құрайтындығын тілге тиек етіп, ой-пікірлерімен бөлісті.

Кездесу барысында зауыттықтар да өз тарапынан дін мәселесінде толғандырып жүрген сауалдарын қойып, тұщымды жауаптарын алды.

Аида БАЗАРБАЕВА
Фото автордікі

КАДРОВЫЕ ПЕРЕМЕЩЕНИЯ

Приказом № 330-к от 14.08.2019 года Еркин Борисович Сулейменов назначен первым заместителем генерального директора по производству.



Приказом № 333-к от 15.08.2019 года Дмитрий Сергеевич Макеев назначен и.о. управляющего директора по технологии.

Приказом № 334-к от 15.08.2019 года Адилет Турысханович Шошанбасов назначен и.о. директора департамента по производству.



Приказом № 337-к от 19.08.2019 года Серик Бисешулы Арыстан назначен директором департамента управления персоналом и оплаты труда.

Приказом № 335-к от 15.08.2019 года Олег Сергеевич Самаркин назначен и.о. начальника производственно-технического отдела-главным технологом.



Приказом № 336-к от 15.08.2019 года Никита Владимирович Кокорев назначен главным механиком-начальником отдела ТОРО.

СПОРТ

ЗАУЫТ ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕРІ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА

2019 жылдың 16 тамыз күні Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай, Атырау облысы төтенше жағдайлар департаментінің ұйымдастыруымен Департаменттің шеру алаңында спорттық шара өткізілді.



Өткізілген шараның мақсаты – спортты дамыту және насихаттау, жағымды имиджді нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау, мемлекеттік қызметкерлерді дене шынықтырумен және спортпен белсенді айналысуға тарту.

Спорттық шараға барлығы 5 команда қатысты. Атырау облысы төтенше жағдайлар департаменті – 1 команда, «Өрт сөндіру және авариялық құтқару қызметі» мемлекеттік мекемесінен - 2 команда және «Өрт сөндіруші» акционерлік қоғамы Атырау облысы филиалының атынан 2 команда қатысты. Аталған спорттық шара 16 кг кір тасын көтеру, арқан тартыс (командалық жарыс) және 4 кезеңнен құралған командалық эстафета кезеңдері бойынша өтті. Жарыс қорытындысында 16 кг-дық

қос кір тасын көтеру кезеңі бойынша «Өрт сөндіруші» акционерлік қоғамы Атырау облысы филиалының №16 өрт сөндіру және авариялық құтқару бөлімінің өрт сөндіруші-құтқарушысы Данияр Искалиев 1 орынды, өрт сөндіру автокөлігінің жүргізушісі Қанат Адиллов 2 орынды жеңіп алса, арқан тарту кезеңінде филиалдың қос командасы 1-ші және 2-ші орынды жеңіп алды, ал үшінші командалық эстафета кезеңінде филиалдың командасы 3-ші орынға ие болды.

Барлық жеңімпаз командалар Департамент бастығы атынан грамоталармен марапатталды.

Фаруза Кайроллина
«Өрт сөндіруші» АҚ Атырау облысы филиалы
№4 ӨСАҚБ нұсқаушысы

ДЕТСКИЙ ДОСУГ

ОТДЫХ В ЗАПОВЕДНОМ ПАРКЕ

С 28 июля по 11 августа 2019 года дети наших заводчан (30 человек) получили возможность отдохнуть в ОК «Сункар», расположенном в Акмолинской области, на территории национального заповедного парка «Кокшетау». Это живописное место, окруженное лесами и чистым воздухом, создано для отдыха. Наши детей приняли очень добродушно, отношение персонала было самым благожелательным, все заданные вопросы решались положительно.

Были организованы экскурсии с выездом в Боровое, в сопровождении вожатых, медперсонала, сопровождающего и менеджера лагеря. Также были организованы прогулки на лодке по озеру. Дети были обеспечены пятиразовым качественным питанием, велись круглосуточное медицинское наблюдение и охрана. В течение всего сезона дети находились под присмотром администраторов ОК «Сункар», вожатых Павлодарского педагогического коллектива «Гармония». На период пребывания детей проводилась развлекательная программа педагогического коллектива с учетом тематики семестра 2019 года. А он был посвящен Году молодежи. Для детей были организованы познавательные игры, викторины, экскурсии, которые способствовали воспитанию личностных качеств, таких как чувство патриотизма и любви к Родине, уважение к старшему поколению, забота о младших,

ответственность за будущее, понимание, что будущее Казахстана зависит от самих детей. Проводились спортивные мероприятия, пешие и выездные экскурсии, познание и изучение окружающего мира, вечером - дискотеки. Дети наших заводчан на конкурсах неоднократно занимали призовые места. Я, как сопровождавшая, надеюсь, что этот отдых понравился и запомнился нашим детям, которых руководство оздоровительного комплекса и персонал всегда хвалили за примерное поведение и организованность.

Пользуясь случаем, выражаю благодарность руководству завода, профкому, женсовету за прекрасный отдых наших детей. Поздравляю коллектив завода с наступающим праздником - Днем работников нефтегазового комплекса! Процветания заводу, и чтобы всегда была возможность организовывать летний отдых детей.

Венера ТУЛЕНОВА,
оператор по учету ПИТН



P.S. Зерендинский филиал ТОО «КазМунайГаз-Сервис» ОК «Сункар» выразил благодарность АНПЗ за плодотворное сотрудничество и отметил высокий профессионализм, ответственность и серьезный подход к выполнению взятых обязательств сопровождавшей детей на отдых В. Туленовой.

ЧИТАЙТЕ НОВОСТИ АНПЗ В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ:



Атырауский НПЗ



atyrauskiynpz

Instagram

«НОВАТОР» басылымы
№23. 29 тамыз 2019 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, 3.Қабдолов к-сі,1
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Print House Gerona» ЖШС
баспаханасында басылды.
Алматы қ, Помяловский к-сі,
29 «А»/1. Тел: 398-94-59,
250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39
Тиражы 1200 дана
Тапсырыс № 1545

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС
ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:
бастығы А.Татиева.
«MEDYAGROUP» ЖК:
жетекшісі – Д.Мұхамбетов
редакторлар: И.Сатылғанова,
А.Аймұратқызы.

Газет
Қазақстан Республикасының
баспасөз және бұқаралық
ақпарат министрлігінде
1992 жылғы 27 мамырда
тіркеліп, тіркеу туралы
№790 куәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

НОВАТОР

ЖАСТАР ЖЫЛЫ

БІЛІМДІ, ІСКЕР ҰРПАҚ – ЕЛ ТІРЕГІ



«Жалқаулықты жойып, білімге ұмтылу керек. Көп ізденіс керек. Менің екі мақсатым бар: бірі – өзімнің жеке кәсібімді пайдалана отырып қазақ елін әлемдік деңгейге жеткізу болса, екінші – тапшы мамандардың бірі болу», - дейді кокс және күкірт өндірісінің операторы Нұрсұлтан Ажыханов.

Нұрсұлтан 1997 жылы Атырау қаласы Құрманғазы ауданында қарапайым қазақ отбасында дүниеге келген. Мектепті бітіре салысымен «Жәңгір хан атындағы Орал аграрлық техникалық университетінде» білім алады. 2018 жылы Атырау мұнай өңдеу зауытына қызметке тұрады. Тұрақты қызметі болса да Нұрсұлтан онымен тоқтамайды. Өзінің жеке ісін ашып, мемлекетке пайдасын тигізгісі келген арманы алдамай «Бизнес Бастау» кәсіпкерлік мектебінің «Аламан» 2 айлық курсына аяқтап, қазіргі таңда аталмыш мектептің кураторы болып қызмет етуде.

Одан бөлек осы білімінің арқасында «Ғарыш бала» атты ойыншық саудасымен айналысады. Яғни отандық өнімді қолдай отырып, өз кәсібін дөңгелетуде. Сонымен қоса өзінің тағы бір өнері гитар аспабын ойнауды үйрету кәсібін де дамытпақшы. Қазіргі таңда екі жанға бұл өнер түрін сіңіріп үлгерген.

«Кәсіппен айналысу 80% психологиядан 20% теориядан тұрады. Содан соң кәсіпті ашпастан бұрын сынау керек. Әрі қарай дамыту үшін, сырттай бақылай білу керек. Барлығын нөлден бастауға да болады. Ең бастысы ниетіңіз бен ізденісіңіз болуы керек», - дейді жас кәсіпкер.

Болашақта мектеп ашып, кәсібін одан әрі дамыту жолында қызмет етіп жүрген Нұрсұлтанның талабы биік. Ойы ұшқыр. Жастар жылында жалындыған буынның алдыңғы қатары болуға тырысуда.

P.S: «Ғарыш бала» - отандық өнім. Кішкентай балаларға 1 жастан бастап қолдануға болатын робот-ойыншық. Оның ерекшелігі баланың дамуына, қазақша сөйлеуіне көмектесіп қана қоймай, смартфонға деген қызығушылығын жояды. Сондай-ақ гаджетке бесік жыры, күлдіргілер жинағы, 16 балалар әні, әліппе, өлең мен жыр, ана тілін үйрету әдістемесі, жаңылтпаштар, санамақ және 50 әңгімелер топтамасы мен ертегілер жинағы ендізілген.

Арайлым ҚАБДЕШОВА

Суретке түсірген Данияр МҰХАМБЕТОВ

ШАУКЕТ ХУСАИНОВИЧ БАРЕЕВ



Не дожив чуть-чуть до своего столетия, ушел из жизни ветеран Великой Отечественной войны и АНПЗ Шаукет Хусаинович Бареев.

Ш.Х.Бареев родился 15 июня 1920 года в поселке Калмыково Тайпакского района Западно-Казахстанской области. В 1930 году, после смерти главы семьи, Бареевы переехали к родственникам в Доссор. Чтобы прокормить семью маленький Шаукет был вынужден бросить школу и пойти работать учеником электрика на нефтяном предприятии. В 1940 году был призван в ряды Советской Армии, служил в Киеве, в 56-ом специализированном полку внутренних дел, который занимался патрулированием важнейших объектов.

22 июня 1941 года Ш. Бареева, как солдата-срочника отправили на войну. Шаукет Хусаинович служил связистом в войсках Первого Белорусского и Первого Украинского фронтов. Великую Победу встретил в Берлине. За свой подвиг Ш.Х.Бареев был награжден орденом Великой Отечественной войны, медалями «За освобождение Варшавы», «За взятие Берлина», «За Победу над Германией в ВОВ». После войны Шаукет Хусаинович работал электриком на Доссорской электростанции, а в ноябре 1946 года начал трудиться на ТЭЦ АНПЗ. 20 лет ветеран войны успешно нес трудовую вахту на заводской теплоэлектроцентрали. Но из-за последствий полученной на фронте контузии, в самом разгаре своей рабочей деятельности был вынужден уйти на пенсию.

Ш.Х.Бареев был рационализатором, активно участвовал в спортивной жизни завода, любил играть в футбол, был директором заводского стадиона на общественных началах. Как человек, Шаукет Хусаинович был отзывчивым и жизнерадостным, в коллективе его уважали за доброту и трудолюбие. Вместе с супругой воспитали сына и дочь, дали им достойное воспитание и образование.

Светлая память о ветеране войны и завода, мужественном и отважном солдате, человеке труда с сильной волей и стойкостью духа навсегда останется в нашей памяти.

Администрация завода, профсоюзный комитет,
общество пенсионеров ТОО «АНПЗ»